



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№10 (970) Сәрсенбі 11 наурыз 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
МАРТА
РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz

15 НАУРЫЗ
МАРТА **РЕФЕРЕНДУМ**

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН
ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КҮӘЛІКТЕРІ

Азамат тұратын жері өзгерген кезде басқа
референдум учаскесінде дауыс беру үшін есептен
шығару куәлігін ала алады

Есептен шығару куәлігін
27 ақпаннан бастап
алуға болады.

Есептен шығару куәлігін беру
14 наурызда сағат 18.00-де
тоқтатылады.



01 Дауыс беру кезінде азамат есептен шығару куәлігін және жеке басын куәландыратын құжатын ұсынады (электрондық нұсқасын да көрсете алады)



02 Учаскелік референдум комиссиясы азаматты республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған бюллетень береді



03 Есептен шығару куәлігі бір рет пайдаланылады және азамат дауыс берген учаскеде қалады



Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді. Есептен шығару куәлігі бір елді мекен ішіндегі басқа учаскеде дауыс беруге қатысқысы келетін азаматтарға берілмейді

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде
өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын
басылымдарға 2026 жылдың I жартыжылдығына
жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар:

8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде тұрғын үй құрылысын дамыту және саланы цифрландыру мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

«Тұрғын үй құрылысына және пәтер сатып алуға бөлінген қаржының толық әрі тиімді игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Үйлердің сапасы және белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі қатаң бақылануы тиіс. Баспанаарды кезектілік тәртібімен табыстауды 20 наурызға дейін аяқтау керек.

Өткен аптада аппарат инспекторлары аудандарда пайдалануға берілген үйлердің жай-күйін зерделеіп, бірқатар кемшілікті анықтады. Аудан әкімдеріне кемшіліктерді жою жөнінде бұған дейін бірнеше рет тапсырма берілген болатын. Алайда тапсырма толық орындалмаған. Сондықтан мердігер мекемелерді тартып, анықталған олқылықтарды 3 күн ішінде шұғыл қалпына келтіріңіздер», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, өткен жылы өңірде тұрғын үй құрылысына 36 млрд. теңге қаржы бөлініп, 939,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2024 жылдың сәуірінен салыстырғанда 108,4 пайызға өсім қалыптасты.

Жыл қорытындысымен 2577 пәтер табысталып, 10 мыңнан астам тұрғын баспанамен қамтылды. Биыл тұрғын үй құрылысы мен пәтер сатып алуға 55 млрд 600 млн. теңге қаржы бөлінген.

ҚЫЗЫЛОРДА – АҚТӨБЕ БАҒЫТЫ ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ ЖОЛҒА АЙНАЛАДЫ

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңінің басталу рәсімі өтті. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты республикалық маңызы бар автомобиль жолы құрылысының басталуымен құттықтап, жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

«Биыл – еліміз, өңіріміз үшін тарихи маңызды жыл. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы қаламызда өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды бекінісін орындауға «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар жаңа ірі жобаның жүзеге асырылатынын, оның ішінде «Бейнеу – Сексеуіл» бағытындағы жол құрылысы биыл қолға алынатынын, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытын төрт жолақты етіп кеңейту жобасы басталатынын айтты.

Президентіміз «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің, жалпы, көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», – деген болатын. Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары аймағымыздағы 1 600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. Биыл

тапсырған болатын. Осы жұмысты қысқа мерзімде аяқтау үшін демеушілер есебінен 350 млн. теңгеге техника-экономикалық негіздеме әзірленді, 487 шақырым жолға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Жалпы жоба 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – 25 шақырымдық Қызылорда қаласының айналма жолын салу. Екінші кезеңі – Қызылорда қаласынан басталып Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының сыртымен айналып өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырым жол. Автодәліз бойына жанадан 11 көпір, 13 жол өткелі, 62 үй жануарларына арналған өткел мен 399 су өткізгіш құбыр салынады. Жолшылар мен жүргізушілерге арналған заманауи сервистік қызмет көрсететін пункттер бой көтеріп, шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік туады. Автожолдың II санаттан I санатқа ауысуы көлік қатынасын едәуір жеңілдетіп, жүк тасымалының тиімділігін арттырады.

Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз қызметі



60 ӨРТ ОҚИҒАСЫ ТІРКЕЛДІ

Жыл басынан бері облыс аумағында өрт оқиғаларының саны өткен жылмен салыстырғанда 10,4 пайызға төмендеген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов айтты.

– Жыл басынан бері облыс аумағында 60 өрт оқиғасы тіркелді. Өкінішке қарай, олардың басым бөлігі тұрғын үй секторында орын алуда. Негізгі себеп – тұрғындардың өрт қауіпсіздігі талаптарына салғырт қарауы. Пештердің техникалық жағдайын тексермеу, балаларды қараусыз қалдыру, қауіпсіздік ережелерін сақтамау сияқты жағдайлар әлі де кездеседі.

Осыған байланысты жылу беру маусымы кезінде жергілікті атқарушы органдар, полиция қызметкерлері және еріктілермен бірлесіп профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Сонымен қатар «Өзінді тексеріп – қауіпсіз бол!» («Өрт болса – дереу хабарла!»), «Қауіпсіз тұрғын үй», «Қауіпсіз асхана» акциялары ұйымдастырылды. Сондай-ақ сауда нысандарында 5 өрт-тактикалық оқу-жаттығу өткізілді, – деді Бейбітхан Оразайұлы.

Сонымен қатар спикердің айтуынша өрттің алдын алуда тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтауы маңызды. Соңғы уақытта үйлерге өртті ерте анықтайтын арнайы датчиктер орнату жұмыстары да күшейтілген. Мұндай құрылғылар түгін немесе қауіпті газ пайда болған жағдайда бірден дабыл беріп, тұрғындарға қауіп туралы ескерту жасайды. Бұл өз кезегінде өрттің алғашқы сәтінде әрекет етуге мүмкіндік беріп, адам өмірін сақтап қалуға көмектеседі.

«ЖЫР КЕРУЕН» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ

«Өнер орталығында» Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, жырау Алмасбек Алматының 70 жас мерейтойына арналған «Жыр керуен» атты шығармашылық кеш өтті.



Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, жазушы, тарихшы-этнограф, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығара Салғараұлы, Халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Айтты ақындары мен жыры-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Жүрсін Ерман, ақын, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, Алмасбек Нұрмаханұлының үзеңгілес әріптестері мен елімізге белгілі шәкірттері, жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесінің төл өнерді өркендетуге қосқан үлесін атап өтіп, барша Сыр жұртшылығының атынан сый-құрмет көрсетіп, автокөлік кілтін тарту етті. Сондай-ақ кеште Жанарбек Әшімжан өнер қайраткеріне Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын табыстады.

«Сыр өңірі – талай марғасқа жыраулар мен тума таланттарды өзирге әкелген, жыраулық өнердің түп қазығы, алтын көмбесі, алып тайқазаны саналағын құтты мекен.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші қорытынды отырысында «Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған.

Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды сандықтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі», – деп ерекше атап өткен болатын.

Сыр бойындағы жыраулық өнердің көрнекті өкілі, Сыр сүйлейінің ізін жалғаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, зерттеуші-ғалым, «Парасат», үшінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Алмасбек Нұрмаханұлы Алматы



мерейлі 70 жасқа толды.

Алмасбек Нұрмаханұлы – дәуір көшінде дара із қалдырған жыр алыптарының мұрагері, Сыр өңіріне ғана тән жыраулық дәстүрдің сабақтастығына айрықша еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ағамыз жастайынан қолына домбыра алып «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» сияқты елге кең тараған дастандарды жырлап, «жас жыршы» атанды. «Сыр сұлуы» ансамблі

құрамынан басталған шығармашылық жолы белгілі жырау, ұлағатты ұстаз, өнер зерттеушісі, ғалым, қоғам қайраткері ретінде биік белестерге шығарды.

Егемендік алған жылдар ішінде ұлттық өнердің бұл түріне ерекше көзқарас қалыптасып, ата-бабаларымыздың асыл қазынасы жарқырай түсті. Алдағы уақытта да ұлттық өнеріміздің шамшырағы болып, келер ұрпаққа рухани мұра сыйлай беріңіз», – деді Н.Нәлібаев.

Өнер кешінде айтыскер ақын Мұхтар Ниязов мерейтой иесіне арнау айтып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Елмұра Жаңабегенова, Айгүл Елшібаева және басқа да ақын-жыршылар өнер көрсетті. Жыраудың өзі «Жыр бастауын» орындады.

Алмасбек Алматы Сыр бойында мақам-саз ерекшеліктеріне қарай жыраулық мектептердің қалыптасуына, атадан балаға мирас болған төл өнерімізді жаңа дәуірге жеткізуге ерен еңбек сіңірді. Жыраулық өнер академиялық білім беру жүйесіне енгізіліп, «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы ашылды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы, Қазақ ұлттық өнер университетіндегі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі кафедраларда жыршы-жыраулар кәсіби тұрғыда қалыптасты. Дәстүрлі жыр орындаушыларды маман етіп даярлау арқылы өткеннің өзін бүгін мен өртенге жалғап, жүздеген шәкірт тәрбиелеп, өнер аламына қосты. АҚШ, Франция, Италия, Швейцария, Ұлыбритания, Египет, Моңғолия және басқа да шет мемлекеттерде ұлттық мұрамызды ұлықтап, ел мерейін асқақтатты. Бүгінде мерейтой иесі тәрбиелеген шәкірттер халықаралық, республикалық байқаулардың жеңімпазы атанып, еліміздің әр өңірінде жыраулық дәстүрдің алтын арқауын жалғастырып келеді.

Айта кету керек, Алмасбек Алматының 70 жас мерейтойы аясында Қорқыт ата атындағы университеттің Студенттер сарайында V томдық таңдамалы шығармаларының тұсаукесер рәсімі, Қармақшы ауданында «Асыл жырдың Алмасы» атты республикалық жыршы-жыраулар фестивалі өтуде.



МІНДЕТТЕР ОРЫНДАЛУЫМЕН МАҢЫЗДЫ

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, тұрғын үй құрылысы саласын дамыту мен цифрландыру мәселесі қаралды. Жиында көтерілген бағыт бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов назарда тұрған міндеттерді пысықтады.

– Аймақ басшысының тұрақты әрі жүйелі қолдауының нәтижесінде қала аумағында құрылыс ауқымы артып келеді. Соған сай тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жоспарланған жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Бүгінде тұрғын үйлерге сұраныс денгейі өте жоғары.

Осыған байланысты қажеттілік бойынша талдау жүргізу керек. Сондай-ақ, құрылыс сапасына ден қойып, күнделікті бақылау жасауды тапсырамын, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Аталған мәселелерге сәйкес жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеліп, қысқа мерзім ішінде тиісті жұмыстарды жүзеге асыру міндеттелді.

ОТБАСЫЛЫҚ СПОРТТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ

Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы «Көңілді старттар» атты отбасылық спорттық іс-шаралар ұйымдастырды.

Жарыстың негізгі мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, отбасылық құндылықтарды нығайту, сондай-ақ көмелетке толмағандар арасындағы есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алу.

Жарысқа облыстың аудандары мен Қызылорда қаласының отбасылары қатысып, ұйымшылдықтарын, белсенділіктерін және салауатты өмір салтына деген ұмтылыстарын көрсетті. Қатысушылар спорттық эстафеталар мен командалық ойындарда бақ сынап, достық, қолдау және көтеріңкі көңіл-күй атмосферасын қалыптастырды. Іс-шара барысында балалар мен жасөспірімдер арасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп, отбасы мен салауатты өмір салтының болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы кеңінен насихатталды.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды: I орын – Әділхановтар отбасы (Қазалы ауданы №204 орта мектеп), Игисиновтар отбасы (Қармақшы ауданы №250 орта мектеп), Нұрлановтар отбасы (Шиелі ауданы №207 орта мектеп), Бегмановтар отбасы



(Жаңақорған ауданы №184 орта мектеп); II орын – Базарбаевтар отбасы (Қазалы ауданы №276 орта мектеп), Науановтар отбасы (Қармақшы ауданы №27 орта мектеп), Әлсүгіровтар отбасы (Шиелі ауданы №48 мектеп-лицей), Тасхожаевтар отбасы (Жаңақорған ауданы №209 орта мектеп), Раманқұловтар отбасы (Жаңақорған ауданы №54 орта мектеп), Шайхназаровтар отбасы

(Жаңақорған ауданы №168 орта мектеп); III орын – Байымбетовтар отбасы (Жаңақорған ауданы №196 орта мектеп), Ермановтар отбасы (Жаңақорған ауданы №256 орта мектеп), Нұрбаевтар отбасы (Жаңақорған ауданы №221 орта мектеп), Бойко отбасы (Қызылорда қаласы №179 орта мектеп), Болановтар отбасы (Жалағаш ауданы №114 орта мектеп), Кенесовтар отбасы

(Сырдария ауданы №44 орта мектеп).

Ұйымдастырушылар мұндай отбасылық іс-шаралар спортты насихаттаумен қатар, жас ұрпақтың зиянды әдеттер мен есірткіден аулақ болуына ықпал етіп, отбасының қоғамдағы тәрбиелік ролін нығайтуға септігін тигізетінін атап өтті.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖАҢА АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ



Қазанғап атындағы музыкалық колледж ұжымымен жаңа Конституция жобасының мән-маңызын түсіндіруге арналған кездесу өтті. Жиынға жаппайлықтың коалиция өкілдері Ибадулла Құттықожаев, Жұмабек Әлиев, Талғат Телеубаев, Мұса Әбілқалиқов, Еркемай Санязова және Жанар Бимұратқызы қатысып, колледж қызметкерлерімен мазмұнды пікір алмасты. Кездесудің басты мақсаты – жаңа Ата заң жобасының негізгі бағыттарын түсіндіру және барша азаматтарды 15 наурыз күні өтетін республикалық референдумға белсенді қатысуға шақыру болды.

Жиынды ашқан Ибадулла Құттықожаев Конституция – мемлекеттің іргетасын қалыптастыратын ең маңызды құжат екенін атап өтті. Оның айтуынша, ұсынылып отырған жаңа Конституция жобасы елдің саяси жүйесін

жаңғыртып, қоғамдағы әділеттілік пен жауапкершілік қағидаттарын нығайтуға бағытталған.

– Конституция – мемлекеттің даму бағытын айқындайтын негізгі құжат. Жаңа жобада азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және қоғам мен билік арасындағы сенімді арттыру мәселелері кеңінен қамтылған. Сондықтан әрбір азамат бұл тарихи шешімге бей-жай қарамай, 15 наурыз күні референдумға қатысып, өз таңдауын жасауы тиіс, – деді ол.

Кездесу барысында Жұмабек Әлиев жаңа Конституция жобасының демократиялық институттарды дамытудағы маңызына тоқталды. Оның айтуынша, жаңа құжатта билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау, заң үстемдігін күшейту және азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейту мәселелері қарастырылған.

Ал Талғат Телеубаев өз сөзінде жаңа Ата заң жобасының ел болашағы үшін стратегиялық маңызы бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, құжатта мемлекет пен қоғам арасындағы ашық диалогты дамытуға және басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған нормалар бар.

Кездесу соңында колледж басшысы Мүсілім Әмзе спикерлерге кең көлемді түсіндірме жасағаны үшін алғыс айтып, жаңа Конституция жобасына қатысты пікірін білдірді.

Жиын соңында коалиция өкілдері колледж қызметкерлерін ел болашағына бей-жай қарамай, 15 наурыз күні өтетін республикалық референдумға белсенді қатысып, өз таңдауын жасауға шақырды.



ЗАҢ МЕН ТӘРТП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ



«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы Д.Тайыров Текей батыр Карпықұлы атындағы жоғары колледжінің студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сот әкімшісінің басшысы жасөспірімдердің арасындағы құқық

бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне тоқталып, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру жөнінде айтып өтті.

Сонымен қатар, заң талаптарын сақтау және құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болу қажеттілігі түсіндіріліп, көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарға қатысты мәселелер талқыланды.



БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Жиында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімі негізінде облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымына тағайындалған Әбілпатта Алмас Әбдіғашпарұлы таныстырылды.

Нұрлыбек Машбекұлы денсаулық сақтау басқармасы басшысының жұмысына сәттілік тілеп, бірқатар тапсырма жүктеді. «Ана мен сәби өлімі, қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткішін төмендетудегі жұмыстар жүйелі жүргізілуі тиіс. Тұрғындарды профилактикалық, оның ішінде онкологиялық және жұқпалы емес ауруларға тұрақты тексеріп, алдын алу шараларын күшейту керек. Саланы цифрландырып қағазбастылықты азайтуды тапсырамын. Алмас Әбдіғашпарұлының тәжірибесіне сүйеніп, халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыруда аянбай еңбек етеді деп сенім арттамыз», – деді Н.Нәлібаев.

Алмас Әбілпатта 1987 жылы дүниеге келген. Қарағанды мемлекеттік медицина университетінде «Емдеу ісі» мамандығы бойынша білім алған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Денсаулық сақтаудағы іскерлік әкімшілендіру» магистрі.

Еңбек жолын облыстық медицина орталығында қабылдау бөлімшесінің хирург-дәрігері ретінде бастаған. Өр жылдары облыстық көпбейінді аурухананың хирург-дәрігері, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары болып еңбек еткен. 2023 жылдан осы кезге дейін Шиелі аудандық көпбейінді орталық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқарып келді.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҒЫНА БАРДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынған техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға арналған құзыреттілік орталығына барды. Қызметі жастардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған нысанның құрылысы аяқталып, жақын күндері пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Жұмысшы мамандар даярланатын орталық ғимараты екі қабатты, 215 орынға арналған. Мұнда түрлі қоғамдық іс-шаралар өткізетін 100 орындық конференц-зал, 20 орындық СІР, көрме залдары қарастырылған.

Айта кету керек, аймағымызда жас ұрпақтың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Соңғы жылдары бюджет қаржысының басым бөлігі әлеуметтік, оның ішінде білім саласына бағытталуда. Соңғы үш жылда салаға 812 млрд. 245 млн. теңге, биыл 302 млрд. теңге қаралды. Бөлінген қаржының түпкілікті мақсатқа жетуі үшін нақты шаралар қабылданған.



АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы ауданы әкімі аппаратында еңбек етіп зейнетке шыққан ардагер аналар мен бүгінде ауданның дамуы жолында қызмет етіп жүрген нәзік жандылармен кездесті.

Кездесу барысында аудан басшысы ардагер аналар мен қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, қазіргі таңда әйелдер қауымының мемлекеттік қызметтегі үлесі артып келе жатқанын жеткізді. Оның ішінде ауданда нәзік жандылардың 23 пайызы ер азаматтармен бірге мемлекеттік қызметтегі жұкті көтерісіп жүргенін тілге тиек етті.

Шара барысында аудан әкімдігінде қызмет етіп, зейнетке шыққан ардагерлерге арнайы құрмет көрсетілсе, қазіргі таңда жемісті еңбек етіп жүрген бірқатар әйел қызметкерлер аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Аруларға аудан әкімі аппаратындағы ер азаматтар мерекелік сыйлықтар мен гүл шоқтарын тарту етсе, аудан өнерпаздары әннен шашу шашып көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Ел тілегі» ақпарат

ТУРНИР ӨТТІ



Қызылорда қаласында балалар, жасөспірімдер және қыздар арасында киокушинкай-кан каратэден облыстық ашық турнир өтті. Жарыс «Киокушин – нашакорлыққа қарсы!» ұранымен ұйымдастырылып, жастар арасында салауатты өмір салтын

насихаттауға бағытталды. Аталған спорттық шараның негізгі мақсаты – Қызылорда облысында киокушинкай-кан каратэ спорт түрін дамыту, жас спортшылардың шеберлігін арттыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдердің спортқа

деген қызығушылығын күшейту болып табылады. Сонымен қатар турнир жас буынды тәртіпке, табандылыққа тәрбиелеуге және олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жарысқа 5–15 жас аралығындағы балалар мен

жасөспірімдер қатысып, әртүрлі жас және салмақ дәрежелері бойынша өзара бақ сынасты. Қатысушылар киокушинкай-кан ережелеріне сәйкес өткізілген жекпе-жектерде күш-жігерін, шеберлігі мен төзімділігін көрсетті. Турнир барысында тартысты әрі қызықты айқастар өтіп, жас спортшылар өздерінің дайындық деңгейін дәлелдеді.

Іс-шараны ұйымдастыруға Ұлттық республикалық киокушинкай-кан каратэ федерациясы, оның Қызылорда облыстық филиалы және Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бірлесіп атсалысты.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік өнер көрсеткен спортшылар марапатталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдар мен медальдар, сондай-ақ бағалы сыйлықтар табысты.

Мұндай спорттық іс-шаралар жасөспірімдер арасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және жастарды зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеуге зор ықпал етеді.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрсенбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Жиында автожол саласын дамыту және Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі тарапынан берілген тапсырмаларды аудан көлемінде сапалы әрі мерзімінде орындау бойынша нақты тапсырмалар берілді.

– Мемлекет басшысының, Үкімет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен аудан аумағында жол құрылысы қарқынды жүргізіліп, елді мекендердің ішкі көшелері орташа және күрделі жөндеуден өткен болатын. Өткен жылы аудан бойынша жол саласына 9 жобаға 1,3 млрд теңге қаржы бөлініп, 12 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 17 көшеге қиыршық тас төселіп, 10,2 шақырым аудандық маңызы бар жолға орташа жөндеу жұмыстары атқарылды. Қазіргі кезде жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 99 пайызға жетті. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алып, жобаларды мерзімінде әрі талапқа сай аяқтау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады, – деді Берік Әбдіғашпарұлы.

Жыл қорытындысы бойынша күн тәртібінде қаралған мәселелерге сәйкес жауапты сала басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдеріне нақты міндеттер жүктелді.



ҚАРАУЫЛТӨБЕДЕ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Өңірлік және қалалық жалпыхалық коалиция өкілдері Қарауылтөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, жаңа Конституция жобасының маңыздылығын түсіндірді. Басқосуға коалиция мүшелері Гүлшат Мұсаева, Қуат Шарабидинов, Асхат Шаукенбаев, Дәурен Сейтжанов, Асылжан Жаманқұл және Мұрат Жұмалдіаев қатысты. Кездесу барысында қатысушылар жаңа Ата заң жобасының негізгі бағыттарына тоқталып, оның елдің саяси-құқықтық жүйесін жетілдірудегі ролі туралы кеңінен пікір алмасты.

Жиында сөз алған Гүлшат Исақызы жаңа Конституция жобасында сот жүйесінің тәуелсіздігіне ерекше назар аударылғанын атап өтті.

– Өңірлік сот – құқықтық мемлекеттің басты тіректерінің бірі. Соттардың тәуелсіз жұмыс істеуі азаматтардың құқықтарын қорғауға және заңның үстемдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамдағы әділеттілік пен сенімді нығайтады. Сот жүйесінің тиімділігі – мемлекет дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Жаңа заң жобасы қолдау тапқан жағдайда «Мирандо» ережесін енгізу де қарастырылып отыр. Яғни, бұдан былай азаматтар күдікті ретінде ұсталған жағдайда олардың құқықтары сол жерде толық түсіндірілетін болады. Сонымен қатар адвокаттар мен соттардың мүмкіндіктері теңестіріліп, азаматтардың

бостандығын қорғау тетіктері жаңа деңгейге көтеріледі, – деді ол.

Ал Қуат Шарабидинов өз сөзінде еліміз жаңа тарихи кезеңге қадам басқалы тұрғанын атап өтті.

– Қоғамдық даму үдерістеріне жауап беретін, заман талабына сай келетін жаңа Конституция жобасы ұсынылып отыр. Бұл құжат тек заңдық акт ғана емес, елдің болашақ даму бағытын айқындайтын маңызды стратегиялық құжат болып саналады.

Жаңа Конституция жобасы мемлекеттің басты құндылығы – адам екенін айқындай отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты орынға қояды. Сонымен қатар мемлекет пен қоғам арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтеріледі. Азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігі кеңейіп, қоғамдық бақылау күшейтіледі. Бұл демократиялық институттардың нығайуына және халықтың мемлекеттік шешімдерге деген сенімінің артуына ықпал етеді.

Сондай-ақ жаңа Конституцияда әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына ерекше назар аударылған. Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қолдау салаларында мемлекеттің жауапкершілігі айқын көрсетілген. Бұл қадам еліміздің тұрақты дамуына және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, – деді ол.

Басқосуда сөз сөйлеген Дәурен Сейтжанов жаңа Конституция жобасының басты ерекшеліктерінің бірі – азаматтардың мемлекеттік басқару үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту екенін айтты.


– Қазіргі қоғамда халықтың пікірі мен ұсыныстары мемлекеттік саясатты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан жаңа Ата заңда өкілді демократия мен қоғамдық диалогты дамытуға ерекше мән берілген.

Бұл құжат билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті күшейтіп, олардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігі арасындағы өзара бақылау жүйесі жетілдіріліп, мемлекеттік басқарудың тиімділігі артады. Сонымен қатар Конституция жобасында азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғаудың жаңа тетіктері қарастырылған. Бұл қоғамдағы тұрақтылықты нығайтып, заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады, – деді ол.

Кездесу барысында ауыл тұрғындары өз ойларын ортаға салып, жаңа Конституция жобасына қатысты пікірлерін білдірді. Жиын соңында ұйымдастырушылар тұрғындарды алдағы республикалық референдумға белсенді қатысуға шақырып, әрбір азаматтың дауысы ел болашағы үшін маңызды екенін атап өтті.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242)40-05-14, мекен-жайы Жахаева көшесі №24 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.



МЫҢ АЙДАН ДА ҚАЙЫРЛЫ ҚАДІР ТҮНІ

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Жыл – он екі айдың ішінде адам баласының рухани өміріне, жүрегіне, тіпті тағдырына тікелей әсер ететін бір ғана түн бар. Ол – барша мұсылман жұртшылығы асыға күтетін Қадір түні. Халықтың оны «түндердің сұлтаны» деп атауы бекер емес. Бұл – көктің есігі айқара ашылып, Алланың рақымы төгілетін, періштелер жер бетіне түсетін, бір ғана түннің сауабы тұтас бір ғұмырға теңесетін айрықша қасиетті мезет.

«Қадір» сөзі араб тілінде бірнеше мағынаны қамтиды. Біріншіден, ол – құрмет, бийіктік. Демек, бұл түн Алланың алдында ең мәртебелі. Екіншіден, «қадір» тағдыр деген мағынаны білдіреді. Дәл осы түні әрбір пенденің келер жылдағы несібесі мен жазымы бекітіледі. Алла Тағала бұл жайлы Құранда: «Сол түні әрбір хикметті іс нақтыланып жазылады» (Духан сүресі, 4-аят) деп баяндайды. Үшіншіден, «қадір» – тарылу, яғни бұл түні періштелердің көптігін жер беті тарылады. Төртіншіден, ол – кешірім мен дәреже. Қадір түні тәубе еткен пенденің күнәсі кешіріліп, рухани дәрежесі көтеріледі.

Қадір түнінің ұлылығы Құранда арнайы сүре арқылы айрықша атап көрсетілген: «Расында Біз Құранды Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін қайдан білесің? Қадір түні мың айдан да қайырлы» (Қадр сүресі, 1-3-аяттар). Бір ғана түнде осыншама мағына сыйып тұрса, оның ұлылығы қандай екенін жүрекпен сезінуге болады. Ойлаңызшы, адам баласына бір ғана түнде тұтас бір ғұмырдың сауабы ұсынылып отыр. Жылдар бойы жинай алмайтын сауапты Алла бір түнге сыйдырып отыр. Бұл – Рабымыздың пендесіне деген шексіз мейірімі мен рақымының айқын көрінісі.

Бұл түннің тағы бір ерекшелігі – жер бетіне періштелер мен Жәбірейіл періштенің түсуі: «Ол түні періштелер мен Рух (Жәбірейіл) Рабыларының рұқсатымен әрбір істі жүзеге асыру үшін жерге түседі» (Қадр сүресі, 4-аят).

Сондықтан бұл түн жай ғана ұйықтамай шығатын түн емес. Бұл – өз тағдырыңмен бетпе-бет қалатын түн. Қадір түні – кешірім түні. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Кім Қадір түнін иманмен және Алладан сауап үміт етіп өткізсе, оның өткен күнәлары кешіріледі» (Бухари, Мұслим) деген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Қадір түнін Рамазанның соңғы он түнінің тақ түндерінен іздеуді өсиет еткен: «Қадір түнін соңғы он түннің тақ түндерінен іздендер» (Бухари). Ғалымдардың басым бөлігі 27-түнге ерекше мән береді.

Қадір түні жай ғана ұйықтамай шығатын түн емес. Бұл – пенденің Алламен байланысын жаңғыртып, жүрегің тазартып, тағдырың дұғамен түзейтін ұлы мүмкіндік. Осы түні тәубе ету, Құран оқу, зікір айту, өзіне, отбасына, еліне дұға жасау – ең сауапты амалдар. Айша анамыз (р.а.) Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) осы түнге лайық дұғаны сұрағанда, Ол: «Уа, Алла! Сен кешіресің, кешіруді жақсы көресің, мені кешіре гөр» деп үйреткен. Қадір түні – Алланың рақымы ең көп төгілетін, жүрек пен тағдыр түйсетін қасиетті түн. Оны шынайы құлшылықпен өткізген адам өз өміріне жаңа рухани бет ашады. Қадір түні – Алланың пендесіне ең жақын болатын сәті. Жүрек сол түні шын жылдаса, тағдыр сол түні шын өзгереді.

Алла Тағала баршамызды Қадір түнінің қадірін білетін, оның шапағатына бөленетін құлдарынан етсін. Дұғамызды қабыл, тағдырымызды қайырлы, жүрегімізді таза қылсын.

ЖИЫРМА ҮШІНШІ ҚАРА СӨЗ



АБАЙ
ҚАРА СӨЗІ –
ТӘРБИЕНІҢ
КӨЗІ

Біздің қазақты оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар. Оның қуанышы – елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса, қуанады. Айтпады: құдай пәленшіден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? – деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшіден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманға салысып жақсы бола ма? Жақсыға салысып жақсы болады дағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбанышы – жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көптен көрген ұлы той, көптен бірге болсақ болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп. Көпке қаһарым жүрмейді деп. Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам аласып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керекті жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жарымы арыса, жарымының күйілі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақымдақтың бір ақымға несі жұбаныш? Тұқымымызбен аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңілің сол сөзі разы қылуға жетіп пе?

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ЕСТУ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Цифрлық ғасырда құлаққаптар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Жолда музыка, серуен кезінде подкасттар тыңдау, онлайн-жиналыстар немесе телефон қоңыраулары болсын гарнитуралар бізбен тәулік бойы жұмыс істейді. Бұл ыңғайлы әрі айналадағы адамдарға кедергі келтірмейді. Бірақ құлаққапты үнемі пайдалану есту қабілетіне қалай әсер етеді? Қандай белгілер алаңдатуы тиіс? Пациенттерге қандай тексерулер қолжетімді? Осы және өзге де сұрақтарға көп бейінді облыстық аурухананың оториноларинголог дәрігері Елжас Өтеген жауап берді.

- Облыс тұрғындары арасында есту қабілетінің бұзылуы қаншалықты жиі кездеседі?

- Әлемдік статистика бойынша, әрбір он адамның үшеуі белгілі бір деңгейде есту қабілетінің бұзылуына тап болады. Қазақстанда есту мүшелерінің аурулары шамамен халықтың 5-7%-ында кездеседі.

Көп жағдайда бұл орта және егде жастағы адамдар - жастың ұлғаюына байланысты есту қабілетінің табиғи төмендеуі әсер етеді. Алайда науқастардың едәуір бөлігі созылмалы қабыну процестерінің, әсіресе созылмалы отиттің асқынуынан зардап шегеді.

Өкінішке орай, кейбір науқастар дәрігерге қаралмай, халықтық ем-дом тәсілдерімен өз бетінше емделуге тырысады. Соның салдарынан желел қабыну созылмалы түрге ауысып, дабыл жарғағында перфорация (тесік) пайда болады. Бұл біртіндеп есту қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан маманға уақытылы жүгіну мұндай асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

-Қандай алғашқы белгілер адамды алаңдатуы тиіс?

-Құлақтағы қабыну ауруларының ең жиі кездесетін белгілері - құлақтың ауыруы, бітеліп тұрғандай сезім, естудің төмендеуі немесе күрт нашарлауы. Сондай-ақ құлақтағы шуыл немесе шыңылдау, бір жақ құлақпен нашар есту де алаңдатуы тиіс.

Айта кету керек, отит тұқым қуалайтын ауру емес. Ол, мысалы, суық тиоден кейін пайда болуы мүмкін: адам басы дымқыл күйде сыртқа шықса, жел өтінде отырса немесе көлікте терезе ашық күйде ұзақ жүрсе.

Көбіне бізге пациенттер отиттің созылмалы түрімен немесе холестеатомамен келеді. Холестеатома - ортаңғы құлақтағы қатерсіз, бірақ қауіпті болуы мүмкін ісік тәрізді түзіліс. Жакында бұл ортаңғы құлақтағы полипке байланысты науқасқа ота жасалды. Бұл шырышты қабықтың грануляциялық тінінің қатерсіз өсіндісі. Пациентке полипотомия жасалды. Ең бастысы - құлақта қандай да бір жайсыздық пайда болса, өздігінен емделмей, дәрігерге қаралу қажет.

-МӘМС жүйесінде қандай тексерулер мен емдеу түрлері қолжетімді?

-Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында пациенттерге медициналық қызметтердің кең спектрі ұсынылады. Алғашқы қабылдауды жергілікті дәрігер жүргізеді, қажет болған жағдайда оториноларингологқа жолдайды. Мамандар отоскопия жүргізеді, яғни құлақты тексеріп, сонымен қатар мұрын мен тамақты қарайды.

Диагностикалық әдістерге жатады: аудиометрия (есту қабілетін бағалау), тимпанометрия, компьютерлік томография (КТ), магниттік-резонанстық томография (МРТ).

Аудиометрия қажетті жабықтармен қамтамасыз етілген бірақтар емханаларда жүргізіледі. Дәрігер жолдамасы бойынша пациенттер КТ мен МРТ тексерулерінен тегін өте алады.

Бұл қызметтерді алу үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болуы қажет. Ал балалар, қарттар, мүгедектері бар адамдар және басқа да әлеуметтік осал топтар мемлекет тарапынан сақтандырылған.

-Есту мүшелеріне жасалатын хирургиялық оталар МӘМС аясында жүргізіле ме?

-Иә, МӘМС аясында жоспарлы оталар жасалады. Тимпанопластика - дабыл жарғағының және қажет болған жағдайда ортаңғы құлақтағы есту сүйекшелерінің тұтастығын хирургиялық жолмен қалпына келтіру. Ота дабыл жарғағындағы тесікті жабуға, қабынған ошақты тазартуға және есту қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл кезде науқастың өз тілдері немесе арнайы импланттар қолданылады.

2025 жылы тимпанопластика өңірде алғаш рет облыстық балалар ауруханасында жасалды. Қазіргі уақытта ересек пациенттер қажет болған жағдайда квота арқылы еліміздің жетекші медициналық орталықтарына жіберіледі. Болашақта бұл тәжірибені өңірде кеңейту жоспарланып отыр.

Стапедопластика - отосклероз кезінде жасалатын жоғары тиімді микрохирургиялық ота. Бұл кезде қозғалмай қалған есту сүйекшесі (үзенгі) протезбен алмастырылады. Ота көбіне жергілікті анестезиямен, микроскоп арқылы есту жолы арқылы жасалады. 80-90% жағдайда естуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кохлеарлық имплантация - ауыр есту қабілетінің төмендеуінде қолданылатын естуді қалпына келтіру әдісі. Алайда стапедопластика мен кохлеарлық имплантация әзірге өңірде жүргізілмейді, пациенттер квота арқылы еліміздің басқа медициналық орталықтарына жіберіледі.

Бұл қызметтерді алу үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болуы қажет. Ал балалар, қарттар, мүгедектері бар адамдар және басқа да әлеуметтік осал топтар мемлекет тарапынан сақтандырылған.

-Есту мүшелеріне жасалатын хирургиялық оталар МӘМС аясында жүргізіле ме?

-Иә, МӘМС аясында жоспарлы оталар жасалады. Тимпанопластика - дабыл жарғағының және қажет болған жағдайда ортаңғы құлақтағы есту сүйекшелерінің тұтастығын хирургиялық жолмен қалпына келтіру. Ота дабыл жарғағындағы тесікті жабуға, қабынған ошақты тазартуға және есту қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл кезде науқастың өз тілдері немесе арнайы импланттар қолданылады.

2025 жылы тимпанопластика өңірде алғаш рет облыстық балалар ауруханасында жасалды. Қазіргі уақытта ересек пациенттер қажет болған жағдайда квота арқылы еліміздің жетекші медициналық орталықтарына жіберіледі. Болашақта бұл тәжірибені өңірде кеңейту жоспарланып отыр.

Стапедопластика - отосклероз кезінде жасалатын жоғары тиімді микрохирургиялық ота. Бұл кезде қозғалмай қалған есту сүйекшесі (үзенгі) протезбен алмастырылады. Ота көбіне жергілікті анестезиямен, микроскоп арқылы есту жолы арқылы жасалады. 80-90% жағдайда естуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кохлеарлық имплантация - ауыр есту қабілетінің төмендеуінде қолданылатын естуді қалпына келтіру әдісі. Алайда стапедопластика мен кохлеарлық имплантация әзірге өңірде жүргізілмейді, пациенттер квота арқылы еліміздің басқа медициналық орталықтарына жіберіледі.

Бұл қызметтерді алу үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болуы қажет. Ал балалар, қарттар, мүгедектері бар адамдар және басқа да әлеуметтік осал топтар мемлекет тарапынан сақтандырылған.

-Есту мүшелеріне жасалатын хирургиялық оталар МӘМС аясында жүргізіле ме?

-Иә, МӘМС аясында жоспарлы оталар жасалады. Тимпанопластика - дабыл жарғағының және қажет болған жағдайда ортаңғы құлақтағы есту сүйекшелерінің тұтастығын хирургиялық жолмен қалпына келтіру. Ота дабыл жарғағындағы тесікті жабуға, қабынған ошақты тазартуға және есту қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл кезде науқастың өз тілдері немесе арнайы импланттар қолданылады.

2025 жылы тимпанопластика өңірде алғаш рет облыстық балалар ауруханасында жасалды. Қазіргі уақытта ересек пациенттер қажет болған жағдайда квота арқылы еліміздің жетекші медициналық орталықтарына жіберіледі. Болашақта бұл тәжірибені өңірде кеңейту жоспарланып отыр.

Стапедопластика - отосклероз кезінде жасалатын жоғары тиімді микрохирургиялық ота. Бұл кезде қозғалмай қалған есту сүйекшесі (үзенгі) протезбен алмастырылады. Ота көбіне жергілікті анестезиямен, микроскоп арқылы есту жолы арқылы жасалады. 80-90% жағдайда естуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кохлеарлық имплантация - ауыр есту қабілетінің төмендеуінде қолданылатын естуді қалпына келтіру әдісі. Алайда стапедопластика мен кохлеарлық имплантация әзірге өңірде жүргізілмейді, пациенттер квота арқылы еліміздің басқа медициналық орталықтарына жіберіледі.

Бұл қызметтерді алу үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесі болуы қажет. Ал балалар, қарттар, мүгедектері бар адамдар және басқа да әлеуметтік осал топтар мемлекет тарапынан сақтандырылған.

-Есту мүшелеріне жасалатын хирургиялық оталар МӘМС аясында жүргізіле ме?

-Иә, МӘМС аясында жоспарлы оталар жасалады. Тимпанопластика - дабыл жарғағының және қажет болған жағдайда ортаңғы құлақтағы есту сүйекшелерінің тұтастығын хирургиялық жолмен қалпына келтіру. Ота дабыл жарғағындағы тесікті жабуға, қабынған ошақты тазартуға және есту қабілетін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл кезде науқастың өз тілдері немесе арнайы импланттар қолданылады.

2025 жылы тимпанопластика өңірде алғаш рет облыстық балалар ауруханасында жасалды. Қазіргі уақытта ересек пациенттер қажет болған жағдайда квота арқылы еліміздің жетекші медициналық орталықтарына жіберіледі. Болашақта бұл тәжірибені өңірде кеңейту жоспарланып отыр.

Стапедопластика - отосклероз кезінде жасалатын жоғары тиімді микрохирургиялық ота. Бұл кезде қозғалмай қалған есту сүйекшесі (үзенгі) протезбен алмастырылады. Ота көбіне жергілікті анестезиямен, микроскоп арқылы есту жолы арқылы жасалады. 80-90% жағдайда естуді айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар кохлеарлық имплантация - ауыр есту қабілетінің төмендеуінде қолданылатын естуді қалпына келтіру әдісі. Алайда стапедопластика мен кохлеарлық имплантация әзірге өңірде жүргізілмейді, пациенттер квота арқылы еліміздің басқа медициналық орталықтарына жіберіледі.



шұғыл оталар жасалады. Бұл самай сүйегінің емізікше өсіндісінің бактериялық қабынуы. Ол ортаңғы отиттің ауыр асқынуы болып табылады және құлақтың артындағы қатты ауырсынумен, ісінумен, қызарумен, дене қызуының көтерілуімен және естудің төмендеуімен көрінеді. Ауру қауіпті болғандықтан, шұғыл хирургиялық емді қажет етеді. Мұндай оталар тегін жасалады.

Сондай-ақ Емдеуге жатқызу бюросы арқылы полиптер, холестеатома және басқа да қатерсіз түзілістер кезінде оталар жүргізіледі.

-Құлаққапты ұзақ жылдар пайдалану қандай салдарға әкелуі мүмкін? Есту қабілеті бұзылған адамдар саны арта ма?

-Құлаққапты пайдалану мәселесі қоғамда жиі талқыланады, әсіресе оларды шектеу туралы сөз қозғалғанда. Бірақ құлаққаптың өзін қауіпті емес. Негізгі қауіп - дыбыс деңгейінің тым жоғары болуы және ұзақ уақыт тыңдау.

Музыканы орташа дыбыс деңгейінде тыңдап, әрбір бір сағаттан кейін үзіліс жасау қауіпсіз болып саналады. Егер адам бірнеше жыл бойы күн сайын музыканы өте қатты дыбыспен тыңдаса, бұл ішкі құлақтағы сезімтал жасушалар мен есту жүйкесінің біртіндеп зақымдануына әкеледі.

Бұл әсер бірден байқалмайды, уақыт өте келе жиналады. Мұны

тамшы судың тасты біртіндеп тесетінімен салыстыруға болады. Алғашқы белгі көбіне құлақтағы шуыл немесе шыңылдау (тиннитус) болады. Уақыт өте келе тұрақты есту қабілетінің төмендеуі дамуы мүмкін.

Қазіргі кезде есту қабілеті бұзылған адамдардың «жасарып» келе жатқанын байқап отырмыз. Бұрын құлақтағы шуыл мен естудің төмендеуіне көбіне 60 жастан асқан кісілер шағымданып болса, қазір 25-30 жастағы пациенттер де жиі келеді. Оның бірнеше себебі бар, бірақ құлаққапты ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыспен пайдалану - қауіп факторларының бірі.

Ерте кезеңде біз есту функциясын сақтауға бағытталған қолдаушы ем тағайындаймыз. Бірақ ішкі құлақтың зақымданған жасушалары қалпына келмейтінін түсінуді маңызды. Сондықтан алдын алу - дыбыс деңгейін бақылау және құлаққапты дұрыс пайдалану аса маңызды.

- Пациенттерге берер кеңесіңіз.

-Ең бастысы - дәрігерге баруды кейінге қалдырмау. Шағым болмаса да, есту қабілетін жылғына кемінде бір рет тексеріп тұрған жөн.

Егер қандай да бір күмәнді белгілер пайда болса, өздігінен емделмей, маманға жүгіну қажет. Қазіргі медицинада тиімді диагностика мен емдеу әдістері жеткілікті - ең бастысы, оларды уақытында пайдалану.

- Сұхбат үшін рақмет!

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Көрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында еселке алу туралы номері KZ 53PY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификацияланған.

Алғашқы еселке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:

Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Қолжазба өңделді және авторға қайтарылмайды

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.